

Басқарма отырысының
27.11.2024 ж. № 11/27
хаттамасымен
МАҚҰЛДАНҒАН



Директорлар кеңесінің
29.11.2024 ж. № 11/29
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттың үлгі нысаны

Осы Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) үлгі нысаны бұдан әрі «Брокер» деп аталатын, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018ж. № 3.2.235/12 лицензияның негізінде өз қызметін жүзеге асыратын «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» акционерлік қоғамы атынан сенімхаттың негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасының Орынбасары бір тараптан және брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау қызметтерін алу үшін Брокерге жүгінген Клиенттің (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалды.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының аясында жасалған қосылу шарты болып табылады және Клиент Шартқа қосылу туралы өтініш берген және оны Брокер қабылдап, Клиентке Брокердің номиналды ұстау жүйесінде Дербес шот ашылған күннен бастап жасалған болып саналады.

Шартқа қосылу туралы өтініштегі Клиенттің қолы Клиенттің Шарттың және осы Шарт бойынша қызмет көрсету тәртібін регламенттейтін Брокердің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады.

Жазылғанның негізінде Тараптар төмендегі талаптарда Шарт жасасты:

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1) Осы Шарттың мақсаты үшін мына терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
Брокер – Клиенттің тапсырмасымен, оның есебінен және оның мүддесіне сай эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасатын бірінші санаттағы Брокер;

Брокердің ішкі құжаттары – Брокердің номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі регламент және Брокердің бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің, жұмыскерлерінің өзара әрекет ету тәртібін реттейтін Брокердің өзге де құжаттары;

тапсырыс/Клиенттік тапсырыс – осы Шартта белгіленген нысан бойынша жасалған, Клиент Брокерге беретін және осындай тапсырмада айқындалған шарттарда Клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін бағалы қағаздармен немесе өзге де қаржы құралдарымен мәміле жасасуға нұсқауы қамтылған Клиенттің тапсырмасы.

бұйрық/Клиенттік бұйрық – Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша жасалған, Клиент Брокерге беретін және оған тиесілі бағалы қағаздарға немесе өзге де қаржы құралдарына немесе дербес шоттағы ақшаға қатысты белгілі бір әрекетті жасауға немесе Брокердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ақпараттық операцияларды жасауға нұсқау қамтылған Клиенттің тапсырмасы.

Заңнама – бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін заңнама және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасы және/немесе Қазақстан Республикасының «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңын, АХҚО актілерін, Astana International Exchange (AIX) ережелері мен рәсімдерін және оларға қайшы келмейтін, АХҚО қызметін реттейтін заңнама және оларға қайшы келмейтін, Англия мен Уэльс құқығының принциптеріне, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) берілген өкілеттіктер шегінде АХҚО қабылдайтын жетекші әлемдік қаржы орталықтарының

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт стандарттарына негізделуі мүмкін нормаларды қоса алғанда, АХҚО қызметін реттейтін заңнама.

РЕПО операциясы – тараптары екі бірдей тұлғалар болып табылатын («репо» операциясына қатысушылар), «репо» операциясының мәні бір шығарылымның бағалы қағаздарымен жасалған орындалу мерзімі бойынша ерекшеленетін және бағыттары бойынша бір-біріне қарама-қарсы, бір уақытта жасаған екі мәміленің жиынтығы.

Бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпия – эмитенттің акционерлері және осы эмитенттің оларға тиесілі акцияларының саны туралы, эмитент және жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу бойынша және Брокердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі сатып алынған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу бойынша эмитенттің дербес шоттарындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдықтары туралы мәліметтерді қоспағанда, Брокердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі дербес шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздардың және басқа қаржы құралдарының бар-жоғы, қалдықтары, қозғалысы және иелері туралы ақпарат.

Мүдделер қақтығысы – Брокер мен Клиенттің мүдделері өзара сәйкес келмейтін жағдай.

Дербес шот – мәмілелерді/операцияларды тіркеу және Клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздары мен өзге де қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алу мақсатында Клиентті біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Брокердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қамтылған жазбалардың жиынтығын білдіретін Клиентке ашылатын бірегей дербес шот.

Номиналды ұстауды есепке алу жүйесі – бағалы қағаздарды ұстаушылар мен оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтер қамтылған, белгілі бір уақыт кезінде оларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алуды және растауды және бағалы қағаздармен мәмілелерді/операцияларды тіркеуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналысқа немесе құқықтарды жүзеге асыруға тіркелген шектеулердің сипаты және қолданыстағы Заңнамаға сәйкес өзге де мәліметтер қамтылған Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесі.

Уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылайтын және қадағалайтын мемлекеттік орган.

Депозитарий – мамандандырылған ұйым, оның негізгі функциясы – Брокер мен басқа да номиналды ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметін көрсету және бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу қызметін жүзеге асыру.

Биржа – сауда жүйелерін пайдаланып, оларды тікелей жүргізу арқылы биржаның ережесіне сай жүзеге асырылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ететін сауда-саттықты ұйымдастырушы.

Биржаның ережесі – биржаның сауда алаңдарында биржаның және оның мүшелерінің қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін және олардың өзара әрекет ету тәртібін регламенттейтін биржаның ішкі құжаттары.

Жеке кабинет – <https://bcctrade.kz> web-сайтында немесе сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің web-сайтында орналастырылған Брокердің сауда платформасындағы интерактивті сервис, сондай-ақ Брокердің атынан немесе App Store және Google Play сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің атынан орналастырылған Брокердің мобильді платформалары, ол арқылы Клиент тапсырмаларды, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып енгізеді және береді, дербес шот, портфельдің жай-күйін, қаржы құралдары мен олардың бағалары туралы, қор биржасындағы және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты, есептер мен меншікті мәмілелер тарихын және Сауда платформасының функционалында көзделген өзге де ақпаратты алады.

2) Шарттың осы бөлімінің 1) тармақшасында көрсетілген терминдер мен анықтамалардан бөлек, АХҚО-да Брокердің қызмет көрсетуі мақсаты үшін Тараптар

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт АХҚО және Astana International Exchange (AIX) ережелері мен рәсімдерінде, Брокердің ішкі құжаттарында пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларды мойындайды. Осы Шартта және жоғарыда аталған құжаттарда көзделмеген терминдер мен анықтамалар Заңнаманың нормалары негізге алынып, түсіндіріледі.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Осы Шарттың аясында Клиент берген Шартқа қосылуға өтініштің негізінде Брокер өзіне Заңнаманың талаптарына және Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес Клиенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуда және оларды номиналды ұстауда жасалатын қаржы нарығында қызмет көрсету (бұдан әрі – Қызмет) міндеттемелерін қабылдайды, ал Клиент Шартта айқындалған талаптарда осы Қызмет ақысын төлеу міндеттемелерін өзіне қабылдайды.
- 1.2. Брокер Клиенттің тапсырмасымен және шот бойынша Клиент берген және Брокер орындауға қабылдаған, Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген нысандар бойынша жасалған Клиенттік тапсырыстардың негізінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен операциялар және мәмілелер жасау қызметін, оның ішінде Брокердің ішкі құжаттарында (немесе заңнамада) көзделген қызметтерді көрсетеді.
- 1.3. Брокер уәкілетті органнан және/немесе орталық депозитарийден және/немесе эмитенттен және/немесе кастодиан банктен және/немесе клиринг ұйымынан номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты номиналды ұстаушы ретінде Брокердің атына ресми жолданған тиісті хабарламаларды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиенттің назарына жеткізеді. Егер Брокердің алған ақпаратына сай Клиенттен қандай да бір іс-әрекеттер жасау (оның ішінде дауыс беруге қатысу, бұйрық беру және т.б.) талап етілсе, Брокер өзінің хабарламасында (ауызша, электрондық тәсілмен, телефон арқылы немесе Брокердің интернет-ресурсында ақпаратты жариялау арқылы және/немесе басқа да қолжетімді тәсілмен) Клиентке оны көрсетеді. Бұл ретте Клиент Брокердің көрсеткен мерзімі мен тәсілімен талап етілетін іс-әрекетті жасайды.
- 1.4. Брокер Клиентті осындай деп танылуға ниеті бар және Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті инвестор деп тану бойынша қызметті, сондай-ақ Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша Клиенттің өтініші негізінде білікті инвесторлардың бағалы қағаздар ғана сатып алуға рұқсат етілген шот және өзге де қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыру бөлігінде қызметтерді ұсынады.
- 1.5. Шарттың 3-бөлімінде көзделген тәртіппен және талаптарда Брокер Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланып және (немесе) Клиентті серпінді сәйкестендіру арқылы бір реттік (біржолғы) не көп реттік кодты, биометрия құралдарын және (немесе) Клиентті сәйкестендірудің өзге де құралдарын пайдаланып, электрондық қызметтер көрсетеді.
- 1.6. Мәмілені/операцияларды Депозитарийде/кастодиан банкте мәмілені/операцияларды Брокердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бір мезгілде тіркеп, Клиенттің қосалқы шоты бойынша тіркелген сәттен бастап Клиентте Бағалы қағаздар бойынша құқықтар туындайды. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар Брокердің есепке алу жүйесіндегі немесе Депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі Клиенттің дербес шотынан үзінді көшірме беру арқылы расталады. Дербес шоттан үзінді көшірме Клиенттің сұратуы бойынша еркін нысанда берілген өтініштің негізінде және (немесе) Жеке кабинетте мәліметтер ұсыну арқылы беріледі.
- 1.7. Шартты орындау барысында Брокер Клиенттің Брокерді есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздары бойынша кірістің түсуі мен бөлінуінің есебін жүргізеді. Клиенттің бағалы қағаздары бойынша кіріс түскеннен кейін бірден ол Брокердің Клиентке Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу туралы хабарламаны беру арқылы Клиенттің дербес шотына аударылады. Клиент алынған кіріспен кейінгі операцияларды жүргізуге нұсқаулық беруге

құқылы. Егер Клиент Брокерге бағалы қағаздар бойынша алынған кіріспен кейінгі әрекеттер жасауға нұсқаулық жібермесе, ақша Клиенттен тиісті нұсқаулықтар алғанға дейін Клиенттің Дербес шотында сақталады.

- 1.8.** Осы Шартқа тапсырма және/немесе комиссия шартының нормалары қолданылады. Осы Шартты жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау Клиенттің Дербес шотындағы бағалы қағаздарға, өзге де қаржы құралдарына және ақшасына меншік құқықтарының, сол сияқты олар бойынша міндеттемелердің Брокерге өтуіне әкеп соқпайды. Осы Шарт Брокер Клиентке қайтарымдылық және төлемділік талаптарында берген ақшаны немесе бағалы қағаздарды пайдаланып бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері (маржиналды мәмілелер) бойынша есеп айырысу талаптарын көздемейді.
- 1.9.** Дербес шотты ашу үшін Клиент Брокерге Брокердің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды ұсынады. Дербес шотты ашу үшін Брокердің ішкі құжаттарында тікелей көзделген құжаттардан бөлек Брокердің Клиенттен қосымша құжаттарды сұратуға құқығы бар.
- 1.10.** Қызмет құны Клиентке қатысты қолданылатын тарифке (бұдан әрі – Тариф) сай айқындалады. Клиентке Тариф Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес Брокердің www.bcc-invest.kz интернет-ресурсында орналастырылған Тарифтерге сай тағайындалады және Шарт жасасқан кезде оны Шартқа қосылуға өтініште көрсету арқылы белгіленеді.
- 1.11.** Осы арқылы Клиент қаржы нарығындағы қызметке байланысты нарықтық, кредиттік, пайыздық, жүйелік, жүйелік емес және өзге де тәуекелдің болу фактісін толық сезінетінін және Брокердің Клиентке келтірілген қандай да бір залал үшін, егер мұндай залал Брокердің осы Шарттың талаптарын және бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген Заңнаманың талаптарын сақтамауынан туындамаса, жауапкершілік көтермейтінін мәлімдейді.
- 1.12.** Осы арқылы Клиент Қызмет көрсету барысында Клиенттің берген және Брокердің алған ақпараты осы Шарттың міндеттемелері мен талаптарын орындау үшін және/немесе орындау мақсатында сауда платформасына (Клиент осы серіктестердің ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдаланған және Клиент олармен олардың ақпараттық жүйелерін және (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану туралы тиісті келісім жасасқан кезде) рұқсат беру бойынша бөгде ұйымдарға/орталық депозитарийге/ кастодиандарға/биржаларға/серіктестерге/ операцияларды жүргізуге/Қызмет көрсетуге қатысатын үшінші тұлғаларға берілетінін растап, онымен келіседі және Клиент осы арқылы осындай тұлғаларға беруге және (немесе) осындай тұлғалардан алуға, сондай-ақ құпия ақпаратты, коммерциялық құпияны, Клиенттің дербес деректерін және осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге байланысты мақсатта Клиенттен алынған немесе онымен байланысты заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты, электрондық қызметтерді (егер қолданылса) жинауға, сақтауға және өңдеуге және осы Шарт бойынша Брокердің құқықтары мен міндеттерін орындауға өзінің сөзсіз келісімін береді.
- 1.13.** Тараптар осы Шарттың талаптарын орындау барысында өздерінің қарым-қатынасында қолданыстағы Заңнамаға, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, биржаның ережесіне және Брокердің ішкі құжаттарына және осы Шартта айқындалған талаптарға сай әрекет етеді.
- 1.14.** Осы Шарт бойынша Қызмет көрсету барысында Брокер Клиентке осы Шарттың 3-бөлімінде және Брокердің Басқармасының 02.03.2020 жылғы №03/02 шешімімен бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» АҚ-тың электрондық қызметтер көрсету ережесінде көзделген тәртіппен және жағдайларда барлық өзгеріспен және толықтырулармен электрондық қызметтер көрсетеді.
- 1.15.** Брокер үшінші тұлғаларға Шартта сипатталғанға ұқсас қызметтерді

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт көрсететінін, сондай-ақ өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдағанын және қолданыстағы Заңнамаға сай кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару тәртібімен үшінші тұлғалардың мүдделері үшін және өз мүдделері үшін бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер мен өзге де операциялар жүзеге асыратынын Клиент біледі. Брокер үшінші тұлғалар үшін мұндай мәмілелер мен операцияларды Шарттың аясында Клиентке көрсетілетін Қызмет бойынша талаптар мен сыйақыдан ерекшеленетін талаптарда және сыйақыға жүзеге асыра алады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Клиент:

- 2.1.1 Брокердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге;
- 2.1.2 өз бағалы қағаздарына, өзге де қаржы құралдарына және ақша қаражатына Заңнамада белгіленген тәртіппен билік етуге;
- 2.1.3 Брокермен ақша қаражаты және бағалы қағаздар, сондай-ақ Клиенттің жеке шот(-ынан)ына есептелген/аударылған/есептен шығарылған өзге де қаржы құралдары (бар болса), өтелуге тиіс комиссиялық сыйақы, шығыс және т.с.с. бойынша салыстыруға (бастама көтеруге);
- 2.1.4 Осы Шарттың 10.2-тармағында белгіленген шарттарда және мерзімде Брокерге нақты көрсетілген Қызмет құнын төлеп және Брокерде ашылған дербес шоттан (бар болса) ақша қаражатын, бағалы қағаздарды, өзге де қаржы құралдарын аударып, алдын ала жазбаша хабарлау арқылы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- 2.1.5 Брокерден тапсырыстардың/бұйрықтардың орындалуы туралы есептер, дербес шоттан үзінді көшірмелер түрінде ақпаратты осы Шартта көзделген тәртіппен беруді талап етуге;
- 2.1.6 Шартқа және/немесе қолданыстағы Заңнамаға сай өзге де құқықтарды пайдалануға **құқылы**.

2.2. Клиент:

- 2.2.1 Осы Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін Брокерге Заңнамада және Брокердің ішкі құжаттарында көзделген барлық қажетті құжат пен ақпаратты беруге;
- 2.2.2 Дербес шоттан үзінді көшірмелер немесе Брокер ұсынатын өзге де құжаттар бойынша қарсылықтар болған кезде, Шарттың талаптарына сай осы құжаттарды Брокер ұсынған болып саналған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей олар туралы дәлелді жазбаша негіздеме беру арқылы Брокерге хабарлауға міндетті, олай болмаған жағдайда бұл құжаттарды Клиент қабылдаған, ал Қызмет көрсетілген болып саналады.
- 2.2.3 Брокерде ашылған Дербес шотта мәміле жасасу және ол бойынша есеп айырысу үшін қажетті ақша қаражатын да қоса алғанда, бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының жеткілікті санын қамтамасыз етуге міндетті. Осы тармақтың мақсаты үшін, t+n схемасы бойынша жасалатын мәмілелерді және «қарсы төлемсіз» (free of payments) мәмілелерді қоспағанда, ақша қаражатының қажетті көлемі бағалы қағаздарды сатып алуға, ақша қаражатын есептен шығаруға (аударуға) және айырбастауға тапсырыста/бұйрықта көрсетілген сома және көзделген жағдайларда Брокердің комиссиясының есептік көлемі негізге алынып, бұйрықта көрсетілген көлемде айқындалады.
- 2.2.4 Брокерге осы Шартта белгіленген мөлшерде комиссиялық сыйақыны уақтылы және толық көлемде төлеуге, сондай-ақ Брокердің Клиентке Қызмет көрсету нәтижесінде шеккен шығысын, аталған шығыс Брокердің кінәсінен туындаған жағдайларды қоспағанда, өтеуге;
- 2.2.5 Брокер өз міндеттемелерін адал орындаған кезде, Брокерге комиссиялық сыйақы сомасын уақтылы және толық көлемде төлеуге, Брокер шеккен шығысты, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарының

- негізінде Брокерден өндіріп алынған тұрақсыздық айыбы сомасын және Клиент мәміле жасаудан бас тартқан немесе Клиент Брокермен жасасқан мәмілені орындамаған жағдайда, Брокердің шеккен шығысын өтеуге;
- 2.2.6 Клиентте пайда болған мерзімі күнтізбелік 180 (бір жүз сексен) күннен асып кеткен берешек болғанда және бұл ретте оның Дербес шотында бағалы қағаздар болған жағдайда, Клиент Брокердің бірінші талап етуімен тұрақсыздық айыбын, өсімпұлды, айыппұл санкцияларын, Брокер нақты шеккен шығысын қоса алғанда, дебиторлық берешекті толық көлемде өтеуге, содан кейін осындай талапты алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде бағалы қағаздарды басқа номиналды ұстаушының есепке алу жүйесіне беруге міндетті;
- 2.2.7 Клиент туралы мәліметтер өзгерген кезде, сондай-ақ осы Шарттың 5-бөлімінде көзделген тәсілдердің бірімен Шарт жасасқан кезде Клиент ұсынған құжаттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Брокерге дереу жазбаша түрде хабарлауға, содан кейін құжаттарды ұсынып/жаңартып, осындай өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде деректемелерді өзгертуге бұйрық беруге;
- 2.2.8 Басыну мақсатында ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасамауға/жасаспауға;
- 2.2.9 Өзіне тиісті құқықтық салдар жасау ниетінсіз, тек көз қылып жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасамауға;
- 2.2.10 Брокер туралы толық емес, анық емес және жаңылыстыратын мәліметтерді таратуды қоса алғанда, Брокердің беделін түсіруге бағытталған және (немесе) беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді жасамауға;
- 2.2.11 Заңнамада және Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға **міндетті.**

2.3. Брокер:

- 2.3.1 Көрсетілген Қызмет үшін комиссиялық сыйақы және Клиентке Қызмет көрсету нәтижесінде Брокер шеккен шығыс бойынша өтеу сомасын алуға, сондай-ақ көрсетілген соманы және Клиенттің Дербес шотында Қызмет көрсету барысында пайда болған Клиенттің ағымдағы/мерзімі өткен берешегінің сомасын оларды Брокер есептен шығарғанға/Клиент төлегенге дейін бұғаттауға құқылы. Егер Клиенттің Дербес шотында осы Шартқа сәйкес сыйақы, комиссиялар мен шығысты төлеу міндеттемелерін орындау үшін, сондай-ақ Клиенттің алдындағы Брокердің ағымдағы/мерзімі өткен берешегі сомасын төлеу үшін ұлттық валютадағы ақша жеткіліксіз болса, Брокер кейіннен ұлттық валютаға айырбастап, осы төлемдерді жабу үшін жеткілікті сомада Клиенттің Дербес шотындағы кез келген шетел валютасындағы ақшаны бұғаттауға құқылы. Брокердің алдындағы Клиенттің міндеттемелерін орындау үшін шетел валютасын бұғаттаған кезде, бұғатталуға тиіс сома аталған бұғаттау жүргізілген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша есептеледі;
- 2.3.2 Шарт бойынша сыйақы сомасын, шығыс сомасын, Шарт бойынша тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ Шарт бойынша Клиенттің Дербес шотынан Клиент төлеуге тиіс өзге де соманы, оның ішінде Брокердің алдындағы Клиенттің ағымдағы және мерзімі өткен берешегінің сомасын акцептсіз тәртіппен есептен шығаруға;
- 2.3.3 Брокер комиссиялық сыйақы сомасын, шеккен шығысты және есептен шығаруға тиіс өзге де соманы акцептсіз біржақты тәртіппен есептен шығарған кезде, егер Клиенттің Дербес шотында осы Шартқа сәйкес жоғарыда аталған міндеттемелерді орындау үшін қажетті ұлттық

валютадағы ақша жеткіліксіз болса, Брокер Клиенттің Дербес шотындағы кез келген шетел валютасынан ақшаны ұлттық валютаға осы төлемдерді жабуға жеткілікті сомада біржақты тәртіппен айырбастауға құқылы. Осы айырбастау жүргізілген күнгі кастодиан банктің бағамы бойынша айырбасталады. Шарттың осы тармағында сипатталған жағдайда осы операцияларды жүргізу үшін Брокердің Клиенттен ақшаны айырбастауға бөлек бұйрық алуы талап етілмейді. Қажетті төлемдерді жабу үшін шетел валютасын ұлттық валютаға айырбастау бойынша шығыс туындаған кезде, мұндай шығыс Клиентке жүктеледі;

- 2.3.4 Клиенттің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге;
- 2.3.5 Шарт қолданылған кезеңде Клиенттен қосымша ақпарат қажет болған жағдайда оны талап етуге;
- 2.3.6 Брокердің шоттарында Клиенттің ақшасының және (немесе) бағалы қағаздардың және (немесе) өзге де қаржы құралдарының қажетті көлемінен кем мөлшерде ақшасы және (немесе) бағалы қағаздары және (немесе) өзге де қаржы құралдары болмаған кезде, Клиенттік тапсырысты орындауға қабылдамауға;
- 2.3.7 t+n схемасы бойынша мәмілелер жасасқан кезде және (немесе) толық қамсыздандырусыз немесе сақтауға берусіз операциялар бойынша Клиенттік тапсырысты қабылдаған кезде міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда туындауы мүмкін барлық ықтимал шығын мен тәуекелді жабуға қажет бағалы қағаздар және/немесе ақша және/немесе өзге де қамсыздандыру түрінде қосымша қамсыздандыру талап етуге;
- 2.3.8 Клиент осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде Брокердің комиссиялық сыйақысын төлеу және Шарт бойынша Қызмет көрсету нәтижесінде Брокер шеккен шығысты өтеу міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Клиенттің тапсырысты/бұйрықты орындауға қабылдамауға;
- 2.3.9 Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында және (немесе) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті орган мәмілені жасалған деп тануы мүмкін тәуекел болған жағдайда Клиенттік тапсырысты орындауға қабылдамауға;
- 2.3.10 Егер Клиенттен осындай тапсырысқа/бұйрыққа қатысты көрінеу орындалмайтын нұсқаулар немесе орындалуы қолданыстағы Заңнамаға, Брокердің ішкі құжаттарына және осы Шартқа қайшы келетін әрекеттерге әкеп соғатын нұсқаулар алынса, Клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауға қабылдамауға;
- 2.3.11 Брокер берген Клиенттік тапсырысты/бұйрықты АІХ-тің сауда жүйесіне қабылдамаған, өзгерткен немесе күшін жойған немесе АІХ-тің бастамасымен Брокердің сауда жүйесіне кіруін тоқтата тұрған және/немесе шектеген жағдайда, Клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындамауға;
- 2.3.12 Егер РЕПО мәмілесінің (операциясының) мәні болып табылатын бағалы қағаздарды Эмитент РЕПО мәмілесі жасалған күннен бастап кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде өтеуге тиіс болса, РЕПО мәмілесін (операциясын) жасасуға тапсырысты/бұйрықты күнтізбелік 14 (он төрт) күннен артық орындауға қабылдамауға;
- 2.3.13 Мынадай:
- 2.3.14 Клиенттің бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде ашылған шотындағы активтердің жиынтық құнының 60 (алпыс) %-ынан асатын сомаға мемлекеттік бағалы қағаздар мен облигацияларды кепілге қоюға тікелей РЕПО;
- 2.3.15 Клиенттің бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде ашылған

- шотындағы активтердің жиынтық құнының 50 (елу) %-ынан асатын сомаға акциялар мен пайларды кепілге қоюға тікелей РЕПО талаптары бар Клиенттік тікелей РЕПО мәмілесін (операциясын) жасасуға тапсырысты/ бұйрықты орындауға қабылдамауға;
- 2.3.16 Клиент осы Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тәртіппен және мқлшерлемелер бойынша тұрақсыздық айыбы сомасын есептеуге;
- 2.3.17 Клиент туралы және транзакциялар туралы мәліметтерді ашық байланыс арналары бойынша (оның ішінде SMS, e-mail, факс, телефон және т.с.с.) беруге (қабылдауға) құқылы. Осы арқылы Клиент осы тармақшаға сәйкес Брокерге (Брокердің) ашық байланыс арналары арқылы жіберетін ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алуының тәуекелін түсінетінін растайды және мұндай тәуекелді өзі көтереді;
- 2.3.18 Дербес шоттан үзінді көшірмені немесе тапсырыстың (тапсырыстардың) /бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны/орындалмағаны туралы хабарламаны электрондық түрде, оның ішінде e-mail хабарламаларды жіберу және/немесе Жеке кабинетте мәліметтерді ұсыну арқылы беруге, сондай-ақ Клиенттік тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғанын/орындалмағанын телефон хабарламасы (телефон соғу, SMS және телефон хабарламаларының өзге де түрлері) арқылы растауға құқылы. Бұл ретте Дербес шоттан үзінді көшірме және Дербес шот бойынша тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны/орындалмағаны туралы есеп Жеке кабинет арқылы ұсынылатын Қызметті пайдаланатын Клиентке Жеке кабинетте қолжетімді болады және/немесе берілген тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) аясында жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша есеп айырысқан күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей e-mail хабарламалар арқылы Клиентке беріледі. Тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны/орындалмағаны туралы есепте тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны және тапсырысты (тапсырыстарды)/бұйрықты (бұйрықтарды) орындау үшін жасалған және/немесе алдыңғы операциялық күні берілген және/немесе орындалған мәмілелер (операциялар) туралы ақпарат қамтылады;
- 2.3.19 Жеке кабинет арқылы көрсетілетін Қызметті пайдаланатын және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, осы Шартқа қол қою арқылы шот ашқан Клиенттен құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуды және Клиентті сәйкестендіруге бағытталған өзге де іс-әрекеттер жасауды және комплаенс бақылау рәсімдерін жүзеге асыруды талап етуге;
- 2.3.20 Осы Шарттың 10.2-тармағында белгіленген талаптарда және мерзімде Клиентке алдын ала жазбаша хабарлап, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- 2.3.21 Клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға, сол сияқты АҚШ және Еуропалық одақ белгілеген санкциялар тізімінде көрсетілген жеке және/немесе заңды тұлғаларға қатысты операциялар/мәмілелер жасалған жағдайда не шет мемлекеттердің юрисдикцияларында көзделген жағдайларда Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды орындауға қабылдамауға/кері қайтаруға/тоқтата тұруға/қайтаруға;
- 2.3.22 Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған не Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда, , сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету барысында КЖ/ТҚК және Брокердің ішкі құжаттарында көзделген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында

Клиент іскерлік қатынастарды пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда, Клиентпен операциялар жүргізуді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға және/немесе іскерлік қатынастарды тоқтатуға;

- 2.3.23 Клиенттен операцияларды/мәмілелерді жүргізудің негізділігі мен заңдылығын растайтын, сондай-ақ қолданыстағы Заңнаманың талаптарына қайшы келмейтін кез келген өзге де мақсатта жүргізілетін операцияларға/мәмілелерге қатысты мәліметтер/ақпарат пен құжаттарды сұратуға;
- 2.3.24 Клиентке қатысты халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және/немесе мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар енгізген халықаралық экономикалық санкциялар, кейбір елдердің санкциялары болған жағдайда, Шартта көзделген тәртіппен хабарлама жіберіп, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
- 2.3.25 Клиент қолданыстағы Заңнаманы бұзған, Клиентті қылмыстық қудалаған немесе оны қылмыстық жауапкершілікке тартқан, Клиентті халықаралық қудалаған жағдайда, егер Клиентке қатысты шетелдік/халықаралық/ұлттық ұйымдар, оған FATF, OFAC, БҰҰ қоса, бірақ шектелмей, салған қандай да бір санкциялар немесе шектеулер болса, егер Брокерде (және Брокер өзінің күдіктерін негіздемеуге және дәлелдемеуге тиіс) Клиент террористік қызметке және/немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) бойынша қызметке қатысады деген және/немесе Клиентті қылмыстық қудалауға және/немесе, Брокердің пікірінше, Брокер үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін өзге жағдайлардың туындауына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін қандай да бір өзге қызметті жүзеге асырады деген күдік болса, Клиентті соттан тыс тәртіппен алдын ала хабардар етпей, Шартты орындаудан бас тартуға **құқылы**. Осы оқиғалар басталған кезде Клиенттің Брокердің алдындағы барлық міндеттемесі дереу орындалуға тиіс. Бұл ретте Брокер Клиенттің мерзімі өткен немесе Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды орындауды тоқтата тұру салдарынан келтірілген залал үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.

2.4. Брокер:

- 2.4.1 Осы Шарттың, Брокердің ішкі құжаттарының және Заңнаманың талаптарына сәйкес Клиенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға және операциялар жүргізуге;
- 2.4.2 Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәміле жасасқан кезде Клиенттік тапсырысты барынша жақсы орындау үшін барлық ықтимал күш-жігерді жұмсауға;
- 2.4.3 Брокердің есепке алу жүйесінде қамтылған және Клиенттің Дербес шоты бойынша өзгерістер енгізудің реттілігін белгілеуге немесе қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ақпаратты сақтауға;
- 2.4.4 Заңнамада белгіленген жағдайларды, Клиентке осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге, сондай-ақ Шарт бойынша Брокердің құқықтары мен міндеттерін іске асыруға байланысты жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Дербес шоты туралы коммерциялық құпияны сақтауға, сондай-ақ Клиент туралы мәліметтердің және Клиенттен алынған ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде электрондық қызметтер көрсеткен кезде сақтауға;
- 2.4.5 Клиенттің талап етуімен Клиенттен жазбаша сұратуды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде дербес шоттан үзінді көшірмелердің және тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны туралы есептердің түпнұсқаларын және Шартта көзделген өзге де есептерді, қызмет көрсету туралы актілерді және өзге де құжаттарды қағаз жеткізгіште беруге міндетті. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Клиент немесе оның уәкілетті өкілі Брокердің орналасқан жері бойынша өз бетінше алуға тиіс.

Жоғарыда аталған құжаттарды курьерлік және/немесе пошталық қызметті пайдаланып жіберу қажет болған кезде, құжаттарды жіберуге және жеткізуге кететін шығысты Клиент Брокердің бірінші талап етуімен өтеуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген шығысты өтеу туралы талап қою Брокердің міндеті емес, құқығы және, егер оны Брокер қоймаса, есептеуге және төлеуге жатпайды.

2.4.6 Осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде соңғы күнтізбелік 12 (он екі) айдың ішінде Брокерге қатысты уәкілетті орган қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы осындай хабарламаны жіберу негіздемесі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентке хабарлауға міндетті. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауды аяқтаған күннен бастап қатарынан соңғы күнтізбелік 12 (он екі) айдың ішінде Брокерге әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер беріледі;

2.4.7 Клиенттің мүддесі есебінен және мүддесі үшін жасау болжанатын қаржы құралдарымен жасалатын мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы Клиентке хабарлауға міндетті. Хабарлама жазбаша түрде ресімделеді, Брокердің шығыс құжаттамасы журналдарында тіркеледі және осындай хабарламаны жіберуге негіз туындаған күні электрондық поштамен немесе факсимильді немесе пошталық хабарламамен жіберіледі. Егер Клиенттің есебінен және мүддесі үшін жасалуы болжанатын не Клиенттік тапсырыстың негізінде жасалған мәміленің талаптары бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында сәйкес келсе немесе айқындалса, Брокер Клиентке хабарлама жіберумен бір мезгілде осы хабарламаның көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

2.4.8 Оған қатысты шектеулер мен ерекше шарттар белгіленген бағалы қағаздармен жасалған мәміле туралы уәкілетті органға осындай мәміле жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

2.4.9 Мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері мен фактілері туралы Клиентке осындай хабарламаны жіберуге негіз туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Егер мұндай мәмілені орындау Мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқса, Клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасауды ұсынбауға міндетті. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Брокер Клиенттің мүдделерінің өз мүдделерінен басымдығын негізге ала отырып, қаржы құралдарымен мәміле жасауға міндетті.

2.4.10 өз лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе лицензиядан айырылған жағдайда, бұл туралы Клиентке Уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеке хабарлама жіберу және тиісті хабарландыруларды оңай қолжетімді жерлерге орналастыру арқылы хабарлауға **міндетті**.

2.5. Осы арқылы Клиент Брокерге интернет пен алынған ақпаратты кез келген тәсілмен өңдеуді қоса алғанда, кез келген дереккөзден дербес деректерді жинауға, оның ішінде осы Шарттың мақсаттары үшін және оны орындауға байланысты, оның ішінде оларды жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттарының аясынан тыс жағдайларда жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға және жоюға өзінің сөзсіз келісімін береді. Брокер Клиент туралы ақпаратты үйлестірудің автоматты рәсімін жүргізеді. Үйлестіру Клиенттің деректерін Брокердің ақпараттық жүйелерінде ол бойынша бар мәліметтермен салыстыруды көздейді, Дербес шот бойынша жүргізілген операциялар туралы жазбалар Клиенттің берілген бұйрығына сәйкес енгізіледі. Клиент туралы деректерді салыстырған кезде алшақтықтар анықталған (деректер ескірген) жағдайда, Брокер Клиенттің дербес шоты бойынша өзгерістер енгізуге тиісті бұйрық беру қажеттігі туралы Клиентке хабарлайды.

Осы тармақтың ережелері Клиентті осы Шарттың 2.2.7-тармағында көзделген міндеттемелерден босатпайды.

- 2.6.** Заңнамада, Шартта және Брокердің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, Брокердің ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Клиенттің тапсырысын/бұйрығын орындауға қабылдауға, Шарттың және Клиенттің тиісті бұйрығының негізінде Клиентке Брокердің есепке алу жүйесінде дербес шот және Депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шот ашуға Брокердің құқығы жоқ.

3. БРОКЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

- 3.1.** Брокер Клиентке мынадай электрондық қызметтер көрсетеді: Брокер Клиентке сауда операцияларын, Дербес шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүргізу бойынша Брокердің сауда платформасы арқылы көрсететін қызметтер, сондай-ақ Брокер Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына, Брокердің ішкі ережелеріне және Клиентпен жасалған келісімдерге сәйкес көрсететін өзге де қызметтер.
- 3.2.** Брокердің электрондық қызметтер көрсету талаптары мен тәртібі, оның ішінде Жеке кабинетті пайдалану тәртібі, Клиенттің тапсырмалар мен электрондық құжаттарды Жеке кабинет арқылы, ЭЦҚ-ны пайдаланып немесе Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы электрондық түрде беру тәртібі, Жеке кабинетті пайдаланған және электрондық қызметтер алған кездегі қауіпсіздік рәсімдері осы Шартта және (Шартпен реттелмеген бөлігінде) Ережеде көзделген және сипатталған.
- 3.3.** Клиенттің Брокердің Жеке кабинеті мен сауда платформасына қол жеткізуін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді және (немесе) серіктестерге қашықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану осы Шарттың мәні болып табылмайды және серіктес пен Клиенттің арасындағы сауда платформасына қолжетімділікті беру жөніндегі бөлек келісіммен регламенттеледі.
- 3.4.** Клиенттің аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарының бірін пайдаланып берілген және Брокер қабылдаған барлық тапсырма мен электрондық құжаттар Клиенттің атынан берілген болып табылатынын, ал мәмілелер Клиенттің тапсырмасы бойынша жасалғанын Клиент мойындайды, сондай-ақ Клиенттің аутентификациясы/динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған Клиенттің тапсырмаларының орындалуын растау Клиенттің іс-әрекетін растайтынымен келіседі даулы жағдайлар туындаған кезде дәлел болып табылады.
- 3.5.** Тараптар Брокердің сауда жүйесінде сақталатын, оның ішінде Клиенттің ЭЦҚ-мен қол қойылған немесе Клиентті бір реттік (біржолғы) не көп реттік кодты пайдаланып динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған және Брокер қабылдаған электрондық құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес даулы мәселелерді шешу үшін дәлелді материал болып табылатынымен келіседі;
- 3.6.** Электрондық қызметтер көрсету және оларға қол жеткізу тәсілдері, Клиентті аутентификациялау және сәйкестендіру және Клиенттің электрондық қызметтерді алуға құқықтарын растау тәртібі, сондай-ақ электрондық қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру және тоқтату тәртібі Ережеде регламенттеледі.
- 3.7.** Электрондық қызметтерді алған/көрсеткен кезде Шарттың өзге ережелерінде көзделген құқықтардан/міндеттерден бөлек, Тараптардың осы тармақта көзделген құқықтар/міндеттері бар:
- 3.7.1 Брокер:**
- 3.7.1.1 Клиенттің сауда платформасын пайдалану тәртібін, оған алынған ақпарат туралы мәліметтерді, аутентификациялау/сәйкестендіру туралы мәліметтерді қоса, бірақ шектелмей, бақылауға;
- 3.7.1.2 Шарттың талаптарын, қолданыстағы және қолданылатын заңнаманың

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт талаптарын, ішкі қауіпсіздік рәсімдерін, реттеуші органдардың талаптарын, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ережелерін негізге алып, Жеке кабинетте Клиенттің мәмілелер жасасу мүмкіндіктерін шектейтін лимиттер белгілеуге;

3.7.1.3 Серіктестердің ақпараттық жүйелерінде және (немесе) сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерінде кұпия ақпаратпен алмасу туралы тиісті келісімдер жасасуға;

3.7.1.4 Клиентпен оның ақпараттық жүйелерін (немесе) қашықтықтан қызмет көрсету жүйелерін пайдалану туралы тиісті келісім жасасқан және электрондық қызметтерді алған кезде Клиент пайдаланатын Брокердің сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша Серіктес қолданатын Клиентті динамикалық сәйкестендіру құралдарына сүйенуге **кұқылы**.

3.7.1.5 Брокердің қолданыстағы Заңнамада, Шартта, Ережеде көзделген өзге де құқықтары бар.

3.7.2 Брокер:

3.7.2.1 Шартта, Ережеде айқындалған тәртіппен Клиентке Жеке кабинет арқылы электрондық қызметтер көрсетуге;

3.7.2.2 Ережеде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Клиентті аутентификациялау/динамикалық сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, Клиентті аутентификациялауды және сәйкестендіруді қамтамасыз етуге;

3.7.2.3 Клиент Шартын, Ереженің талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған кезде, Клиенттің электрондық тапсырмаларын орындауға **міндетті**.

3.7.3 Клиент:

3.7.3.1 Қаржы құралдары мен олардың бағасы туралы, қор биржасындағы немесе халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты қарау құқығымен электрондық қызметтерді алу мақсатында Жеке кабинетті пайдалануға;

3.7.3.2 өзінің сәйкестендірушісінің парольдерін өз бетінше өзгертуге;

3.7.3.3 sms арқылы Клиентті авторизациялау (аутентификациялау/сәйкестендіру) және электрондық қызметтер көрсету үшін біржолғы (бір реттік) код жіберілетін мобильді (ұялы) телефон нөмірін (SIM-картаны) өзгертуге өтінім беруге;

3.7.3.4 Тапсырмаларды Брокердің жеке кабинеті арқылы жіберуге, сондай-ақ ЭҚА аясында өзге де электрондық құжаттарды алуға және қабылдауға **кұқылы**.

3.7.4 Клиент:

3.7.4.1 Жеке кабинет пен Сауда платформасын тек Шартты орындау және Шартта және Ережеде көзделген тәртіппен және талаптарда электрондық қызметтерді алу мақсатында ғана пайдалануға;

3.7.4.2 Ереженің, Шарттың, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шарттары мен талаптарын сақтауға;

3.7.4.3 Жеке кабинет пен Сауда платформасының жұмыс істеуіне немесе ондағы ақпараттың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін рұқсатсыз әрекеттердің жолын кесуге;

3.7.4.4 Клиентті авторизациялау (аутентификациялау/сәйкестендіру) және электрондық қызметтер көрсету үшін sms арқылы біржолғы (бір реттік) код жіберілетін мобильді (ұялы) телефон (SIM-карта) нөмірінің өзгергені немесе жоғалғаны туралы Брокерге дереу хабарлауға **міндетті**.

3.8. Тараптардың жауапкершілігі осы Шартта және Ережеде көзделген тәртіппен басталады.

3.9. Брокер электрондық қызметтерді көрсеткен кезде туындайтын жанжалды жағдайларды шешудің негізгі шарттары (ережелері), тәртібі мен тәсілдері Ережеде көзделген.

4. КЛИЕНТТІК ТАПСЫРЫСТЫ/БҰЙРЫҚТЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 4.1.** Брокер Клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың негізінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайды. Клиенттік тапсырыс/бұйрық мынадай тәсілдердің бірімен:
- 4.1.1 электрондық қызмет көрсеткен кезінде Жеке кабинеттің электрондық құжат айналымы жүйесін пайдаланып электрондық түрде;
 - 4.1.2 Клиенттің өз қолының аналогын механикалық немесе өзге де көшіру көмегімен қойылған қолтаңбаны факсимильді қайта шығару құралдары арқылы;
 - 4.1.3 Аудиотехниканы және өзге де арнайы техникалық құралдарды пайдалану арқылы Клиенттің сөйлесуін жазу арқылы телефон байланысы құралдарымен;
 - 4.1.4 Тапсырысты/бұйрықты пошта/курьерлік беру арқылы екі данада;
 - 4.1.5 Брокердің офистерінде Клиенттің жеке қатысуымен және Брокердің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен Клиенттің не Брокердің қызметкері екі данада қалыптастырған тапсырысқа/бұйрыққа қол қою арқылы берілуге тиіс.
- 4.2.** Егер Брокер Клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауға қабылдаса, Брокер Клиентке Клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауға себептерін көрсетіп, электрондық поштамен немесе байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен хабарлама жібереді.
- 4.3.** Тараптар Брокердің Клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын қабылдауын растаудың мынадай тәртібін келісіп алды:
- 4.3.1 Клиент тапсырысты/бұйрықты Жеке кабинетті пайдаланып электрондық түрде берген жағдайда, Брокердің қабылдағанын растау ретінде тапсырыс/бұйрық параметрлері, оны берген күн мен уақыт, сондай-ақ Брокердің ақпараттық есепке алу жүйесінің деректері көрсетілген Сауда платформасында тиісті электрондық тіркеу журналы пайдаланылады;
 - 4.3.2 Клиент тапсырысты/бұйрықты Клиенттің өз қолының аналогын механикалық немесе өзге де көшіру көмегімен қолтаңбаны факсимильді қайта шығару құралдары арқылы берген жағдайда, қажет болған кезде растау ретінде Брокерге факсимильді хабарлама жіберілген күн мен уақыты көрсетілген факсимильді хабарламаның данасы және ол туралы мәліметтер қамтылған Клиенттік тапсырыстардың тізілімі пайдаланылады;
 - 4.3.3 Клиент тапсырысты Клиент сөйлесуінің жазбасын жазып, телефон байланысы құралдарымен берген жағдайда, растау ретінде сөйлесу жазбасы және ол туралы мәліметтер қамтылған клиенттік тапсырыстардың тізілімі пайдаланылады;
 - 4.3.4 Клиент тапсырысты/бұйрықты пошта/курьерлік қызмет арқылы берген жағдайда, растау ретінде Брокердің жауапты қызметкерінің ТАӘ, сондай-ақ оның қабылданған күні мен уақытын көрсетіп, оның қабылданғаны туралы Брокердің белгісі бар Клиент тапсырысының/бұйрығының жазбаша данасы пайдаланылады. Жауапты қызметкер жоғарыда аталған белгісі бар тапсырыстың/бұйрықтың сканерленген нұсқасын Клиентке электрондық поштамен жібереді. Бұл ретте жоғарыда аталған белгісі бар тапсырыс/бұйрық түпнұсқа Клиент немесе оның өкілі Брокердің орналасқан жері бойынша алуға құқылы;
 - 4.3.5 Клиент Брокердің офистерінде жазбаша тапсырысты/бұйрықты өзі берген жағдайда, Брокердің жауапты қызметкері аты-жөнін, сондай-ақ оның қабылданған күні мен уақытын көрсетіп, оның қабылданғаны туралы белгі қоюға міндетті. Жауапты қызметкер жоғарыда аталған белгісі бар тапсырыстың/бұйрықтың бір данасын Клиентке береді.
- 4.4.** Брокер осы Шарттың 4.1.2 және 4.1.3-тармақтарында көрсетілген тәсілдер

арқылы Брокерге берілген клиенттік тапсырыстарды клиенттік тапсырыстар тізіліміне енгізеді. Тізілім бір айға тең кезең үшін жүргізіледі және онда Заңнамада және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген ақпарат қамтылады. Клиент тапсырыстар берген есептік ай аяқталғаннан кейін, Брокер Клиентте немесе оның уәкілетті өкілінде аталған тізілімге қол қояды.

- 4.5.** Брокер тапсырысты/бұйрықты орындап, берілген тапсырыстың/бұйрықтың аясында жасалған мәміле(-лер) бойынша есеп айырысқан күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен немесе Заңнамада белгіленген өзге мерзімнен кешіктірмей Клиентке тапсырыстың/бұйрықтың орындалуы туралы есепті электрондық поштамен немесе осы Шарттың 5.1-тармағында көзделген байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен жіберуге міндетті. Брокер тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны туралы есепті тапсырысты (тапсырыстарды)/бұйрықты (бұйрықтарды) және мәмілелерді (операцияларды) орындау аясында оларды орындаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей береді және онда Клиент алдыңғы күні берген барлық тапсырыстардың/бұйрықтардың орындалғаны (орындалмағаны) туралы ақпарат қамтылады. Брокер тапсырыстардың/бұйрықтардың орындалуы туралы есептердің түпнұсқаларын Клиенттің немесе оның уәкілетті өкілінің қолына береді, олар есептердің түпнұсқаларын Брокердің орналасқан жері бойынша өз бетінше алуға құқылы. Клиент тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны туралы есепті осы Шарттың 5.1-тармағына сай Брокер растауды жіберген/берген сәттен бастап алған болып саналады.
- 4.6.** Клиент тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны туралы есептерде шетелдік брокерлер, халықаралық есеп айырысу, сауда, клиринг, депозитарийлік ұйымдар, халықаралық нарықта мәміле жасасу және орындау және халықаралық нарықта бағалы қағаздарды сақтау процесіне қызмет көрсететін сауда-саттықты ұйымдастырушылар туралы ақпаратты қамтымайтынын қабылдап, онымен келіседі. Шетелдік брокерлер, халықаралық есеп айырысу, сауда, клиринг, депозитарийлік ұйымдар және халықаралық нарықта мәміле жасасу және орындау, халықаралық нарықта бағалы қағаздарды сақтау процесіне қызмет көрсететін сауда-саттықты ұйымдастырушылар туралы ақпарат алу қажет болған жағдайда, Клиент Брокер айқындаған нысан бойынша ақпарат алуға тиісті сұратуды Брокерге береді.
- 4.7.** Клиенттің тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны есеп бойынша және/немесе осындай есепте көрсетілген нақты тапсырысқа/бұйрыққа/мәмілеге/операцияға қатысты оның бөлігі бойынша қарсылықтары болған жағдайда, ол Шарттың талаптарына сай есепті Клиент алған болып саналған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде олар туралы Брокерге Шартта көзделген тәртіппен хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда тапсырыстың (тапсырыстардың)/бұйрықтың (бұйрықтардың) орындалғаны есепті Клиент қабылдаған, ал Қызметті осы Шартта көрсетілген көлемде және шарттарда Брокер көрсеткен және Клиент қабылдаған болып саналады.
- 4.8.** Мәмілелер жасау мақсатында Клиент тапсырыс/бұйрық бергенге дейін өзінің Дербес шотында ақша қаражатының/бағалы қағаздардың (өзге де қаржы құралдарының) қажетті көлемінің болуын қамтамасыз етуге міндетті. Шарттың осы тармағының және 2.3.5-тармағының мақсаттары үшін қажетті ақша қаражатының көлемі t+n схемасы бойынша жасалатын мәмілелерді және «қарсы төлемсіз» (free of payments) мәмілелерді қоспағанда, бағалы қағаздарды сатып алуға, бұйрықта көрсетілген көлемде ақша қаражатын есептен шығаруға (аударуға) және айырбастауға тапсырыста/бұйрықта көрсетілген сома негізге алынып және көзделген жағдайларда Брокер комиссиясының есептік көлемі айқындалады. Клиенттің Дербес шот ақша қаражатын есепке жазу үшін аударымдар Брокердің интернет-ресурсында көрсетілген деректемелер бойынша жасалады. Клиент ақша қаражатын аударуға клиенттік бұйрықты Брокерге Алматы уақытымен сағат 16.00-ден кешіктірмей беруге тиіс. Бұл

жағдайда Брокер ақшаны бір жұмыс күні ішінде аударады. Алматы уақытымен сағат 16.00-ден кейін берілген ақша аударуға клиенттік бұйрықты Брокер осындай бұйрықты алғаннан кейін келесі жұмыс күні орындауға тиіс. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда, Алматы уақытымен сағат 16.00-ден кешіктірмей берілген ақша қаражатын аударуға Клиенттік бұйрық ағымдағы операциялық күнмен орындалуы мүмкін.

4.9. Клиент Шарт жасасып, Брокер өзіне және оның клиенттеріне тиесілі ақшаны банктерде, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарында және (немесе) бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және (немесе) кастодиандарда және (немесе) клиринг ұйымдарында және (немесе) ұйымдарда және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында бөлек есепке алуға және сақтауға арналған кейбір дербес шоттар (қосалқы шоттар) мен банктік шоттар ашатынын қабылдап, онымен келіседі. Клиенттің тапсырмасын орындау үшін қажетті Клиенттің ақшасы жоғарыда көрсетілген әртүрлі сақтау орындарында сақталған жағдайда, Клиент осы арқылы Клиенттің ақшасын мәміле бойынша есеп айырысу (Клиенттің тапсырмасын, міндеттемелерін орындау) жүргізілетін сақтау орнында шоғырландыру мақсатында сақтау шоттары арасында акцептсіз аударуды тапсырып, онымен келіседі.

4.10. Брокерге бағалы қағаздарды сатуға/есептен шығаруға тапсырыс/бұйрық берілген сәттен бастап тапсырыс/бұйрық орындалған немесе оның күші жойылған сәтке дейін Клиенттің аталған бағалы қағаздарға билік етуге құқығы жоқ.

4.11. Брокер аудиотехниканы және өзге де арнайы техникалық құралдарды пайдаланып, сөйлесу жазбасын жасап, телефон байланысы құралдарымен тапсырыс қабылдауға құқылы екенін Тараптар келісіп алды. Клиент мына ақпарат бойынша сәйкестендіріледі:

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса), дербес шоттың нөмірі;
- құпия сөз.

Клиенттің тапсырысының телефон жазбасында Брокердің клиенттік тапсырысының нысанында көзделген мәліметтер қамтылуға тиіс. Клиенттік тапсырыстар тізіліміне енгізілген Клиенттік тапсырыс қағаз жеткізгіште телефон жазбасына сәйкес келмеген кезде, телефон байланысы құралдарымен берілген тапсырыстың заңды күші болады. Осы оқиға басталған жағдайда осы сәйкессіздікті анықтаған Тарап осындай сәйкессіздік туралы екінші Тарапқа дереу хабарлайды. Тараптардың келісімімен клиенттік тапсырыстар тізілімінің деректері келіскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде телефон арқылы сөйлесу жазбаларына сәйкестендіріледі. Телефон байланысы құралдарымен берілген тапсырыстарды клиенттік тапсырыстар тізілімімен салыстырып тексеруде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Тараптар ұсынатын мүшелердің санына қарай пропорционал өкілдік ету қағидатының негізінде комиссия құрылады. Комиссия құрамына телефон байланысы құралдарымен тапсырыс берген адам және осы тапсырысты қабылдаған адам кіруге тиіс. Комиссия отырысының нәтижесі бойынша әр мүшенің пікірін және қажет болған кезде дауыс беру қорытындыларын көрсетіп, акт (хаттама) жасалады. Бірыңғай пікірге қол жеткізілмеген кезде, Тараптар Заңнамада көзделген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4.12. Клиенттік тапсырыстар оларды қабылдаған хронологиялық тәртіппен орындалуға тиіс.

4.13. РЕПО мәмілелерін жасасу және жасау ерекшеліктері Брокердің ішкі нормативтік құжаттарымен және Заңнамамен реттеледі.

5. АҚПАРАТПЕН АЛМАСУ

5.1. Тараптар Брокер мен Клиенттің арасында ақпаратпен алмасудың мынадай талаптары мен тәртібін келісіп алды:

5.1.1 Брокер жіберетін барлық хабарлама, сұрату, өтініш, есеп, шот, қызмет

көрсету туралы акті және т.б., тиісті жазбаша немесе электрондық түрде қалыптастырылған, қажет болған кезде электрондық поштамен немесе осы Шартта көзделген байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен жіберілген, деректемелері Шартта және (немесе) Клиенттің сауалнамасында және (немесе) Жеке кабинетте көрсетілген ілеспе хаттармен ресімделген құжаттар Брокердің шығыс құжаттама журналдарында немесе хабарламаларды қабылдау-жіберуді тіркеу файлдарында (лог-файлдарда) тиісті түрде тіркелген кезде, Клиентке тиісті түрде берілген болып саналады.

- 5.1.2 Пошта серверінің хабарламаларды (лог-файлды) қабылдау-жіберуді тіркеу файлындағы деректер (күні мен уақыты) Клиентке электрондық поштамен жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.3 Мұндай хабарламаларды жіберу қызметін көрсететін оператордың хабарламаларды (лог-файлды) қабылдау-жіберуді тіркеу файлындағы деректер (күні мен уақыты) SMS-хабарлама арқылы Клиентке жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.4 Заңнаманың талаптарына сәйкес келетін мамандандырылған техникалық құралдардың көмегімен жазба туралы тиісті хабарламасы бар телефон сөйлесулерін жазу деректері (күні мен уақыты) Клиентке телефон арқылы сөйлесу арқылы жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.5 Заңнаманың талаптарына сәйкес келетін Брокердің ақпараттық жүйесінде оқиғалар туралы хронологиялық тәртіппен жазбалары бар хабарламаларды қабылдау-жіберуді тіркеу файлындағы деректер (күні мен уақыты) және өзге де тіркеу журналдары Клиентке Жеке кабинет арқылы жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.6 Пошта/курьерлік жөнелтілімді тапсыру немесе табыс етудің мүмкін еместігі туралы хабарламада/түбіртекте көрсетілген деректер (күні мен уақыты) Тапсырысты пошта немесе курьерлік қызмет арқылы Клиентке жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.7 Адресаттың хабарламаны алғанын көрсетіп, автоматты басып шығаруда тіркелген деректер (күні мен уақыты) телекс (телефакс) арқылы Клиентке жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.8 Брокердің данасында (хабарламаның көшірмесінде) көрсетілген хабарламаны қабылдау-беру деректері (кіріс күні мен уақыты) Брокердің логистикалық қызметі Клиенттің орналасқан жері бойынша жеткізу арқылы Клиентке жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
 - 5.1.9 Брокердің данасында (хабарламаның көшірмесінде) көрсетілген хабарламадағы деректер (күні мен уақыты) Клиентке қолма-қол берілген/жіберілген ақпараттың берілгенін/жіберілгенін растау болып танылады.
- 5.2 Осы арқылы Клиент Шартта және (немесе) Клиенттің сауалнамасында және (немесе) Жеке кабинетте көрсетілген осы Шарт бойынша ақпарат алмасу үшін пайдаланылатын байланыс түрлерінің мәліметтері мен деректемелері тұрақты негізде тексерілетінін растайды. Клиент ақпарат алмасудың осы түрін пайдалану тәуекелін және сәйкесінше байланыс ақаулары (спамға хаттар түсу) және т.б. кезінде осындай хабарламаларды алмау тәуекелін түсінеді және қабылдайды. Клиент осы Шарт бойынша ақпарат алмасу үшін пайдаланылатын байланыс түрлерінің деректемелерінің ауысқаны туралы, сондай-ақ осы байланыс түрлерін уақытша пайдалану мүмкін еместігі туралы дереу хабарлайды.
- 5.3 Брокердің ішкі құжаттарында және осы Шартта белгіленген тәсілдермен берілетін тапсырмалар мен ақпаратты қоспағанда, Клиент хабарларды, хабарламаларды, өтініштерді және т.б. жіберу үшін осы Шарт бойынша

Брокердің ақпарат алмасуы үшін пайдаланатын байланыс түрлерін пайдалануға құқылы.

6. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШАРТТАРЫ

- 6.1 Клиенттің Тарифінде тікелей көзделген жағдайларда Брокердің көрсететін Қызметі үшін комиссиялық сыйақы сомасына операцияларды жүргізуге және сүйемелдеуге қатысатын бөгде ұйымдардың қызметі үшін тарифтер, сондай-ақ осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге байланысты Брокердің өзге де шығысы кіреді және олар Клиенттің Тарифіне сәйкес есептелген мөлшерде төленуге тиіс.
- 6.2 Клиенттің Тарифінде белгіленген тарифтерге қосылған бөгде ұйымдардың тарифтері бойынша өзгерістер/толықтырулар туындаған жағдайда, Тариф мөлшері осы Шарттың 10.4-тармағында көзделген талаптарды Брокер сақтамай, қаржы құралдарымен мәміле жасалған және номиналды ұстауды жүзеге асырған күнгі қолданыстағы бөгде ұйымдардың тарифтері негізге алынып өзгертілуі/толықтырылуы мүмкін.
- 6.3 Депозитарийдің, сауда-саттықты ұйымдастырушының, кастодиан банктің, халықаралық ұйымдардың көрсетілген қызметтері үшін сыйақымен шектелмей, бірақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасау және номиналды ұстауды жүзеге асыру кезінде туындаған, Клиенттің Тарифінде тікелей көзделмеген шығыстар (шетелдік) есеп айырысу-депозитарий жүйелерінің және өзге де есеп айырысу ұйымдарының, Global Custody, қарсы әріптестердің, аударым операциялары бойынша екінші деңгейдегі банктердің, тіркеушінің және операцияларды жүргізуге және сүйемелдеуге қатысатын және осындай операциялармен байланысты басқа да үшінші тұлғалардың осы тұлғалар салатын ұсталған салықтардың, тұрақсыздық айыбының сомаларын Клиент Брокерге өтеуге тиіс.
- 6.4 Комиссиялық сыйақы сомасын төлеу және Шарттың 6.2-тармағының ерекшеліктерін ескере отырып, Шарттың 6.1., 6.3-тармақтарында көрсетілген Брокердің шеккен шығысын өтеу, сондай-ақ Брокердың алдындағы Клиенттің ағымдағы/мерзімі өткен берешегінің сомасын төлеу мәмілені орындаған сәтте және (немесе) комиссиялық сыйақыны және өзге де шығысты есептеген сәтте және (немесе) Брокердің алдындағы Клиенттің ағымдағы/мерзімі өткен берешегі туындаған сәтте Брокердің есепке алу жүйесіндегі Клиенттің Дербес шотынан акцептісіз біржақты тәртіппен ақша қаражатын есептен шығару арқылы жүзеге асырылады.

Клиент мынаумен келісіп, оны растайды:

- 1) Брокер Клиенттің Дербес шотында осы Шартқа сәйкес сыйақыны, комиссиялар мен шығысты төлеуге арналған соманы, сондай-ақ Брокер оларды есептен шығарғанға/Клиент төлегенге дейін Қызмет көрсету барысында туындаған Клиенттің ағымдағы және мерзімі өткен берешегі сомасын бұғаттауға құқылы. Клиенттің Дербес шотында жоғарыда аталған соманы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті ұлттық валютадағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Брокер Клиенттің Дербес шотындағы ақшаны кейіннен ұлттық валютаға айырбастап, осы төлемдерді жабу үшін жеткілікті сомада кез келген шетел валютасында бұғаттауға құқылы. Брокердің алдындағы Клиенттің міндеттемелерін орындау үшін шетел валютасын бұғаттаған кезде, бұғатталуға тиіс сома аталған бұғаттауды жасаған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша есептеледі;
- 2) есептен шығарған күні Клиенттің Дербес шотында осы Шартқа сәйкес сыйақы, комиссиялар мен шығысты төлеу міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ Брокердің алдындағы Клиенттің ағымдағы/мерзімі өткен берешегін өтеуге қажетті ұлттық валютада ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Брокер Клиенттің Дербес шотындағы кез келген шетел валютасынан осы төлемдерді жабуға жеткілікті сомада ұлттық валютаға біржақты тәртіппен ақша айырбастауға құқылы. Айырбастау кастодиан банктің бағамы бойынша аталған айырбастауды жасаған күні жүргізіледі;
- 3) Шарттың 2.3.1-тармағына сәйкес ақшаны бұғаттаған күні мен айырбастаған

күннің арасында болған айырбастауға арналған шетел валютасына қатысты теріс бағамдық айырма туындаған жағдайда, айырма сомасы бұғатталады және қажет болған кезде Брокер Шарттың 2.3.1 және 2.3.2-тармақтарында сипатталған тәртіппен Клиенттің Дербес шотындағы басқа сомадан айырбастайды. Шарттың 2.3.1-тармағына сәйкес ақшаны бұғаттаған күні мен айырбастаған күннің арасында болған айырбастауға арналған шетел валютасына қатысты оң бағамдық айырма туындаған жағдайда, айырма сомасы Клиенттің Дербес шотына ұлттық валютада есептеледі.

- 6.5 Қызмет көрсету туралы акт Клиентке оның сұратуымен ұсынылады. Клиентте осы Шарттың 4.6-тармағына сай қарсылық туындамаса, Клиент 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған қызмет көрсету туралы актіге қол қоюға және бір данасын Брокерге беруге міндетті. Брокер қызмет көрсету туралы актінің өз данасын алмаған жағдайда, сондай-ақ Клиент қызмет көрсету туралы актіні сұрамаған жағдайда, Брокердің көрсеткен Қызметін осы Шартта көрсетілген көлемде және талаптарда Клиент қабылдаған болып саналатынын Тараптар мойындайды.
- 6.6 Брокер ақы төлеуге шоттарды Клиентке Заңнамада көзделген жағдайларда береді.
- 6.7 Маркетингтік науқандар және (немесе) өзге де іс-шаралар өткізілген жағдайларда Брокер Қызмет үшін комиссиялық сыйақы сомасын уақытша азайтуға немесе есептемеуге құқылы. Брокер науқандар/жеңілдік қолданылатын өлшемшарттарды өз бетінше айқындайды және өткізілетін науқандар мен жеңілдік туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялайды және/немесе Клиенттерге өзге де қолжетімді тәсілмен хабарлайды.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 7.1 Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді оның талаптарына сәйкес, қолданыстағы Заңнамаға сәйкес реттелмеген бөлігінде орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.
- 7.2 Клиент Брокер жасаған мәмілені жасаудан бас тартқан жағдайда және Брокер өз міндеттемелерін адал орындаған кезде, Клиент комиссиялық сыйақы сомасын төлеуге және Шарттың 6.2-тармағының ерекшеліктерін ескере отырып, Шарттың 6.1., 6.3-тармақтарында көрсетілген Брокердің шеккен шығысын, сондай-ақ барлық шығын мен Клиенттің мәміледен бас тартуынан немесе оны орындау талаптарын бұзуынан туындаған, бөгде ұйымдар қойған айыппұлды өтеуге міндетті.
- 7.3 Клиент Шарттың 6.1-6.4-тармақтарында немесе 6.5-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаған және (немесе) уақтылы орындамаған жағдайда, Клиент Брокердің жазбаша талабы бойынша оған мерзімі өткен күнтізбелік әр күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 7.4 Клиент осы Шарттың 2.2.7-тармақшасында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Клиенттің деректерінің ескіруінен және (немесе) сәйкессіздігінен бірыңғай тіркеуші, Депозитарий және/немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы мәмілені тіркеуден (жүзеге асырудан) бас тартқан кезде, Клиент мәмілені орындамағаны үшін Брокерге қойылған айыппұл сомасында жауапкершілік көтереді.
- 7.5 Брокер Шарттың 2.4-тармағының 2.4.9-тармақшасының екінші бөлігінің талаптарын бұзған жағдайда, Брокер Клиенттің жазбаша талабы бойынша Клиентке осындай бұзушылықтың нәтижесінде оның шеккен шығынын және мұндай мәміле сомасының 0,1% мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 7.6 Шарт бойынша айыппұл санкцияларын салу және қою Тараптардың міндеті емес, құқығы және, егер оны Тараптар қоймаса, есептелмейді және төленбейді.
- 7.7 Тараптар бағалы қағаздар нарығында олардың қызметі байланысты тәуекелдер туралы, оған қаржы құралдары бағасының, мәмілелерді ұйымдастыратын, сүйемелдейтін бөгде ұйымдардың қызмет құнының өзгеру міндеттемелерді орындау шарттарын едәуір нашарлататын немесе оларды орындауға мүмкіндік

бермейтін не уақтылы орындамайтын тәуекелін қоса алғанда, бірақ шектелмей, және (немесе) олардың тарапы болып табылатын эмитенттердің дефолттары (оның ішінде бағалы қағаздарды қайта құрылымдау, олар бойынша төлемдерді тоқтата тұру және өтеу мерзімін кейінге қалдыру бойынша шешімдер) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, депозитарийлердің, есеп айырысу палаталарының, банктердің және сауда және сауда жүйелеріндегі есеп айырысу процесіне қызмет көрсететін басқа да субъектілердің міндеттемелерді орындау шарттарын едәуір нашарлататын немесе оларды орындауға мүмкіндік бермейтін, оның ішінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың мүмкін еместігі, сондай-ақ есеп айырысу, сауда, клиринг, депозитарлық операцияларды тоқтатуы, тоқтата тұруы бағалы қағаздар иелерінің тізілімін ұстаушылардың, депозитарийлердің заңсыз іс-әрекеттері екенін білетінін растайды. Екінші Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерін адал орындаған кезде және ақпаратты саналы түрде бұрмалағаны немесе басқа да құқыққа қарсы қасақана әрекеттері туралы дәлелдемелер болмаған кезде, Тараптардың өздерінің ықтимал шығыны бойынша бір-біріне наразылықтары болмайды.

- 7.8 Брокер Клиенттің атынан және Клиенттің атынан жасалған мәмілелер бойынша және/немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету нәтижесінде туындайтын Клиенттің міндеттемелері бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Клиенттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Клиенттің атынан және есебінен үшінші тұлғалармен Брокер жасасқан мәмілелер мен операциялар бойынша құқықтар мен міндеттер тікелей Клиентте туындайды.
- 7.9 Клиент осы Шартқа қол қоя отырып, Клиенттің осы Шартты, сондай-ақ осы Шартты орындау үшін жасалған мәмілелерді жасасу және орындау үшін жұбайының (зайыбының) (егер қолданылса) келісімі бар екеніне кепілдік береді.
- 7.10 Осы кепілдіктерден туындайтын мүліктік дауларды реттеу жауапкершілігін Клиент өзіне қабылдайды.
- 7.11 7.9-тармақта көрсетілген, Брокердің мүліктік мүдделеріне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан кепілдіктер бұзылған жағдайда, Клиент Брокердің бірінші талап етуімен Брокерге келтірілген шығынды толық көлемде өтеуге міндеттенеді, шығын деп Брокердің өз құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру үшін жүргізілген шығысы (нақты залал), сондай-ақ, егер оның құқықтары мен мүдделері бұзылмаса, Брокер іскерлік айналымның әдеттегі жағдайларында алатын алынбаған кіріс (жіберілген пайда) түсініледі.
- 7.12 Клиент үшін немесе Клиенттің атынан Брокер жасаған мәмілені үшінші тұлғаның тиісінше орындамағаны/орындау мерзімдерін кешіктіргені үшін Брокер Клиенттің алдында жауапкершілік көтермейді.
- 7.13 Брокер Клиенттің алдында сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, Депозитарийдің, кастодиан банктердің және Клиентке Брокер көрсететін Қызметтермен тікелей немесе жанама байланысты кез келген басқа ұйымдардың заңсыз әрекеттері/әрекетсіздіктері немесе өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттерден/әрекетсіздіктерден келтірілген салдар үшін жауапкершілік көтермейді.
- 7.14 Брокер Брокерге байланысты емес себептер бойынша және/немесе Жеке кабинетті және/немесе Сауда платформасын жетілдіруге, жұмыс істеу алгоритмдерінің, профилактикалық жұмыстардың, технологиялық өзгерістердің өзгеруіне байланысты Жеке кабинетті және/немесе Сауда платформасын пайдалануға немесе пайдаланудың мүмкін еместігіне байланысты қандай да бір залал үшін (келтірілген не болжамды шығыс, пайданы жоғалту, іскерлік белсенділікті ұзу, іскерлік ақпаратты жоғалту не басқа да шығын жағдайларын қоса алғанда) жауапкершілік көтермейді. Клиент Жеке кабинет және (немесе) Сауда платформасы жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда тапсырмалар беру үшін Шартта белгіленген тәртіппен ақпаратпен алмасудың өзге де тәсілдерін пайдалануға міндетті.
- 7.15 Клиенттің бір реттік (біржолғы) және көп реттік кодтарын және/немесе паролін

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт және Клиентке қатысты өзге де құпия ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалардың ЭЦҚ-ны, сәйкестендіргішті/аутентификация/динамикалық сәйкестендіру құралдарын заңсыз пайдалануға бағытталған заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде Клиентке келтірілген зиян үшін Брокер жауапкершілік көтермейді.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ/ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 8.1 Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер Тараптардың міндеттемелерді тиісінше орындамауы дүлей зілзалал, әскери іс-қимылр, азаматтық тәртіпсіздік, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы нормативтік құқықтық актіні шығару және Заңнамада көзделген өзге де жағдайлардан туындаса, жауапкершіліктен босатылады.
- 8.2 Міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған немесе тоқтаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жоғарыда аталған жағдайлардың басталғаны немесе тоқтағаны туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады, оған осындай жағдайлардың салдарынан мұндай хабарламаны жіберу мүмкін болмаған не осы жағдайлар жалпыға мәлім сипатта болған жағдайлар қосылмайды.
- 8.3 Еңсерілмейтін күш жағдайларының және олардың салдарының әсеріне байланысты 3 (үш) айдың ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін болмаған жағдайда, Тараптардың осы Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемелерді одан әрі орындаудан оны бұзу арқылы бас тартуға және күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде өзара есеп айырысуға құқығы бар.
- 8.4 Егер кез келгені еңсерілмейтін күш жағдайы осы Шартта белгіленген мерзімде Тараптың өз міндеттемесін орындауына тікелей әсер етсе, бұл мерзім тиісті еңсерілмейтін күш жағдайы әрекет еткен уақытқа шамалас жылжытылады.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 9.1 Тараптар осы Шарттан туындайтын немесе оған байланысты, оның ішінде оны орындауға, бұзуға, тоқтатуға немесе оның жарамсыздығына қатысты осы Шартты орындау барысында және оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін немесе оны бұзғаннан кейін туындайтын дауларды, келіспеушіліктерді немесе талаптарды келіссөздер арқылы реттеуге тиіс.
- 9.2 Шағымды қарастыру мерзімі оны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күнді құрайды.
- 9.3 Осы Шарттан туындайтын немесе оған байланысты, оның ішінде оны орындауға, бұзуға, тоқтатуға немесе оның жарамсыздығына қатысты дауларды, келіспеушіліктерді немесе талаптарды Тараптардың арасындағы келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар оларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сот органдарына жүгінеді.
- 9.4 Брокердің АХҚО-да қызмет көрсетуі нәтижесінде осы Шарттан туындайтын дауларды, келіспеушіліктерді немесе талаптарды шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар АХҚО-ның юрисдикциясына бағынады және оларды шешу үшін АХҚО Сотына жүгінеді.

10. ШАРТТЫҢ КОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖАҒДАЙЛАР

- 10.1 Осы Шарт мерзімсіз болып табылады және Клиент Брокерге қол қойылған оған қосылу туралы өтінішті берген және Клиент Дербес шотты ашуға бұйрық берген және Брокер бұл құжаттарды қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді.
- 10.2 Тараптар Шарт ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін деген келісімге келді.

- 10.3 Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Тараптар Шартты бұзатын күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей барлық түпкілікті өзара есеп айырысуды жүргізуге міндетті.
- 10.4 Кез келген Тараптың бұзатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын екінші Тарапқа жазбаша хабарлап, осы Келісімді біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.
- 10.5 Брокер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылған жағдайда да осы Шарттың қолданысы тоқтатылады.
- 10.6 Брокер осы Шарттың кез келген талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге және осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуді реттейтін Брокердің ішкі құжаттарына, оның ішінде Брокердің «www.bcc-invest.kz» корпоративтік интернет-ресурсында хабарлама жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң қолданыла бастайтын тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Клиент енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, осы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
- 10.7 Осы Шарттың қолданысы тоқтатылғанға дейін Клиенттің шотында ақша қаражаты немесе бағалы қағаздар (өзге де қаржы құралдары) болған кезде:
 - 10.7.1 Шарттың қолданысы тоқтатылған күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Клиент Брокерге бағалы қағаздарды (өзге де қаржы құралдарын) есептен шығаруға бұйрық(-тар) беруге міндетті, ал Брокер Клиенттің жаңа номиналды ұстаушыға бұйрығы негізінде бағалы қағаздарды (өзге де қаржы құралдарын) есептен шығару бойынша әрекеттер жасауға міндетті. Клиент бағалы қағаздарды (өзге де қаржы құралдарын) есептен шығаруға бұйрық бермеген жағдайда, Клиент бағалы қағаздарды (өзге де қаржы құралдарын) есепке алуға және сақтауға кеткен шығысты көтереді;
 - 10.7.2 Брокер осы Шарттың 10.2-тармағында аталған хабарламаны жіберген/алған жағдайда, бағалы қағаздарды (өзге де қаржы құралдарын) және ақша қаражатын Брокерді есепке алу жүйесінен есептен шығару және дербес шотты жабу операцияларын қоспағанда, мәмілелер жасау бөлігінде және номиналды ұстау қызметтері бөлігінде Шартты болжамды бұзатын күннен бастап Қызмет көрсетуді тоқтата тұрады;
 - 10.7.3 Брокердің бастамасымен Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, Клиент басқа номиналды ұстаушыға бағалы қағаздарды (өзге де қаржы құралдарын) есептен шығару операцияларына байланысты шығысты төлемейді;
 - 10.7.4 Егер Шарттың қолданысы тоқтатылған сәтте Брокердің Дербес шотында Клиентке тиесілі ақша қалса, Брокер Шарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілген немесе бұрын берілген банктік деректемелер бойынша оларды қайтаруға міндетті. Клиентке ақша қаражатын (Клиенттің ескірген деректерін, Клиентпен байланысын жоғалтуды, Клиенттің банктік шоттарын жабуды және т.б.) қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда, Брокер Клиенттің бірінші талап етуімен ақша қаражатын қайтарады.
- 10.8. Клиентке дербес шот жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Брокер оған осы Шартта көзделген тәртіппен Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша тиісті хабарлама жібереді.
- 10.9. Осы арқылы Клиент осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуді реттейтін, оларды көрсеткен кезеңде қолданыстағы Брокердің ішкі құжаттарымен танысқанын және талаптарын қабылдағанын растайды.
- 10.10. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.
- 10.11. Оған басқа Тараптың жазбаша өтініші болған жағдайларды қоспағанда, осы Шарт бойынша құқықтарды үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.
- 10.12. Тараптар заңды мекенжайының, заңды мәртебесінің және өзге де

Жеке тұлғаларға брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт деректемелерінің кез келген өзгерістері туралы бір-біріне жазбаша нысанда дереу хабарлауға, сондай-ақ өз өкілдеріне уәкілетті құжаттарды беруге/жаңартуға міндетті.

10.13. Осы Шартта көзделмеген барлығында Тараптар қолданыстағы Заңнаманы басшылыққа алады.

10.14. Шарттың ережелері мен қолданыстағы Заңнаманың арасында қайшылықтар болған жағдайда, қолданыстағы Заңнаманың нормалары қолданылуға тиіс.

10.15. Шарттың бір бөлігін жарамсыз деп тану оның басқа бөліктерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

БРОКЕР:

«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес

ұйымы – «BCC Invest» АҚ

Пошта мекенжайы: 050000, Алматы қ.,

Панфилов к-сі, 98-үй,

«Old Square» БО

тел. 8 (727) 244 32 32,

факс: (8 727) 244 32 31

КЛИЕНТ*:

Меншікті ағымдағы шот:

Бенефициар «BCC Invest» АҚ,

БСН 030640007360,

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы

ЖСК KZ508560000000476430

БСК КСJBKККX

ТМК 841

**Клиенттің заңды мекенжайы мен деректемелері Шартқа қосылу туралы өтініште және Клиенттің іскерлік қатынастарды орнатқан кезде ұсынған сауалнамалық деректерінде көрсетіледі.*